

**Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №1**

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылына арналған педагогтардың әдістемелік кеңесінің қызметін үйлестіру»

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Күні: 03.09.2025 жыл

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Г.Жамалбекова -әдіскер

Хатшы:

П.Бекбауова - тәрбиеші

Қатысқаны:8

Қатыспағаны:-

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік кеңестің 2024 - 2025 оқу жылындағы жұмысы туралы есеп Әдіскер - : Г.Жамалбекова
2. Әдістемелік кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту. Әдіскер :Г.Жамалбекова
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг қорытындысы Әдіскер : Г.Жамалбекова
4. 2025-2026 оқу жылына арналған педагогтардың әдістемелік ұсынымдары мен вариативтік бағдарламаларын қарау. Әдіскер-Г.Жамалбекова

I ТЫҢДАЛДЫ: Әдістемелік кеңестің 2024 - 2025 оқу жылындағы жұмысы туралы есеп
СӨЙЛЕДІ: әдіскер Г.Жамалбекова 2024–2025 оқу жылында «Асия» бақшасының әдістемелік кеңесі білім беру процесінің сапасын арттыру, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту, инновациялық әдістерді енгізу бағытында жоспарлы және жүйелі жұмыс жүргізді. Әдістемелік кеңестің қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары, жылдық жоспар және бөбекжайдың даму бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды, деп әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері мен бағыттарына, жыл бойы өткізілген 5 әдістемелік кеңесте қаралған мәселелерге, педагогтардың кәсіби дамуы бойынша оқу жылы ішінде тәрбиешілердің кәсіби деңгейін көтеру бойынша жұмыстар жүргізілгеніне жеке-жеке тоқталып айтып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:Әдістемелік кеңестің 2024 - 2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.

II ТЫҢДАЛДЫ: Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер 2025–2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары балабақша педагогтарының кәсіби қызметін жүйелі түрде ұйымдастыруға, тәрбие-білім беру үдерісін жаңғыртуға және білім сапасын арттыруға бағытталған. Бүгін сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған жоспар мемлекеттік жалпыға міндетті талаптар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тұжырымдамасы, оқу жылының басым мақсаттары негізінде әзірленді, - деді.

Жылдық жоспардың негізгі мақсаты Мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық мәдениет арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға тәрбиелеу. Жоспар төмендегі басым бағыттарды қамтиды деп бағыттарын атап өтті. Жоспар мазмұны МЖМБС-қа, балабақшаның даму бағдарламасына және 2025–2026 оқу жылына қойылған мақсаттарға толық сәйкес келеді. Осыған байланысты «2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту» туралы ұсыныс енгіземін. Жоспар – біздің алдағы оқу жылындағы барлық әдістемелік қызметіміздің негізгі бағыт-бағдары. Сіздердің ұсыныстарыңыз, ескертулеріңіз бен толықтыруларыңыз енгізіледі. Жоспарды мақұлдап, бекітуді сұраймын,- деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Әдістемелік бірлестік жоспары бекітуге ұсынылсын.

III ТЫҢДАЛДЫ:Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Г.Жамалбекова 2025–2026 оқу жылының басында Балалардың жеке даму картасы негізінде ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды топтарында бастапқы мониторинг жүргізілді. Мониторинг мақсаты – балалардың бес білім беру саласы бойынша бастапқы деңгейін анықтау және жыл бойғы педагогикалық жұмысты жоспарлау.

Бастапқы мониторинг нәтижесі балалардың даму деңгейінің жас ерекшеліктеріне сай қалыптасып келе жатқанын көрсетті. Алайда барлық топтарда төмендегі бағыттарда қосымша жұмыс қажет:

- Сөйлеу дағдыларын дамыту
- Зейін, есте сақтау, ойлау процестерін жетілдіру
- Рөлдік және сюжеттік ойындарды дамыту
- Дене және ұсақ моториканы нығайту
- Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру

Мониторинг нәтижелері топтық және жеке түзету жұмыстарын жоспарлауға негіз болды, дей келе әр топқа және педагогтер мен ата-аналарға ұсыныстарды ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жеке дамыту картасына сәйкес жеке-топтық түзету жұмыстарын айына 1 реттен кем емес өткізу.

IV ТЫНДАЛДЫ: 2025-2026 оқу жылына арналған педагогтердің әдістемелік ұсынымдары мен вариативтік бағдарламаларын қарау.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер 2025–2026 оқу жылының басында мектепке дейінгі ұйым педагогтері әзірлеген және қолдануға ұсынылған вариативтік бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдар қаралып, талдау жүргізілді. Бағдарламалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын толықтыруға, балалардың жан-жақты дамуына, қызығушылықтары мен дағдыларын кеңейтуге бағытталған. Қаралған бағдарламалар:

1. «Ән мен әуен» (музыкалық-эстетикалық даму)
2. «Экологиялық соқпақ» (экологиялық тәрбие)
3. «Баланың тілі – болашағының кілті» (тіл дамыту)
4. «Қызықты саусақтар» (ұсақ моторика және сөйлеуді дамыту)
5. «Ұлттық қазына» (ұлттық құндылықтар мен мәдениет)

1. «Ән мен әуен» бағдарламасына талдау мақсаты балалардың музыкалық қабілетін дамыту, ырғақ сезімін қалыптастыру, музыкалық тыңдау мәдениетін тәрбиелеу.

«Экологиялық соқпақ» бағдарламасының мақсаты балалардың табиғатқа қызығушылығын арттыру, экологиялық мәдениет пен жауапкершілік қалыптастыру болса, «Баланың тілі – болашағының кілті» бағдарламасының

мақсаты балалардың сөздік қорын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, дыбыстарды дұрыс айтуға бейімдеу. Тіл дамыту бағытында тиімді құрал ретінде қолдануға болады. Логопедпен бірлескен түзету жұмыстары енгізілсе, нәтиже тиімді болмақ.

«Қызықты саусақтар» бағдарламасының мақсаты ұсақ моторикасын, қолдың координациясын, саусақ бұлшықеттерін дамыту арқылы сөйлеу және ойлау қабілетін жетілдіру. Бағдарлама моторика-сөйлеу байланысын күшейтуге бағытталған. Жыл бойғы жүйелі қолдану сөйлеудің дамуына оң әсер етеді.

«Ұлттық қазына» бағдарламасының мақсаты балаларға ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, өнерді және ұлттық ойындарды таныту.

Бағдарлама ұлттық тәрбиенің мазмұнын тиімді қамтыған. Мәдени орталықтармен (мұражай, кітапхана) бірлескен іс-шаралар ұсынылады.

Қаралған вариативтік бағдарламалардың барлығы:

- Үлгілік оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді;
- Балалардың жас ерекшелігіне сай;
- Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетеді;
- Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Бағдарламалар білім беру процесінде қолдануға ұсынылады, бірақ төмендегідей жетілдіру бағыттары назарға алынуы тиіс деп, ұсыныстарға тоқталды. Барлық вариативтік бағдарламаларды жылдық циклограммаға енгізу, педагогтерге бағдарламаларды біртұтас

әдістемелік жүйе ретінде үйлестіру ұсынылады, әр бағдарлама бойынша апталық/айлық іс-шаралар жоспарын нақтылау. Педагогтердің бағдарламаларды қолдану тиімділігі бойынша аралық мониторинг жүргізу. Бағдарламаларды жүзеге асыруда ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелерін әдістемелік кеңесте жыл соңында презентация арқылы қорытындылау керек. Ұсынылған вариативтік бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру үдерісін толықтыруға және балалардың жан-жақты дамуына оң әсер ететіндіктен, оларды оқу жылы бойы жүйелі түрде қолдану, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жыл соңында вариативтік бағдарламалар бойынша жүргізілген жұмыстың қорытынды талдау.

VI ТЫНДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.


СӨЙЛЕДІ: Әдіскер алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қыркүйек айында өтетін денсаулық және қарттар күні мерекесіне орай барлық топтарда отбасылық сайысының жоспары жасалынып, ұйымдастырылады. Ұйымдастырылып өткізілуіне дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы, музыка жетекшісі және әдіскер жауапты екендігін айтты. Қазан айында өтетін 25 қазан Республика күні ауқымды түрде ата-аналардың қатысуымен өтілетінін және музыка жетекшісі мен тәрбиешілер бұл мерекелердің сценарийлерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді, - деді.

ШЕШІМ

1. «Ән мен әуен», «Экологиялық соқпақ», «Баланың тілі – болашағының кілті», «Қызықты саусақтар», «Ұлттық қазына» вариативтік бағдарламаларын білім беру процесінде қолдануға бекіту.

2. Жеке дамыту картасына сәйкес жеке-топтық түзету жұмыстары бақылауға алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Г.Жамалбекова

Хатшы:  П.Бекбаева

**Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №2**

Тақырыбы: Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» әдістемелік апталығын өткізуге дайындық

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Күні: 27.11.2025 жыл

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Г.Жамалбекова

Хатшы:

П.Бекбауова

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы-Әдіскер Г.Жамалбекова
2. Әдістемелік апталықты өткізу жоспарын әзірлеу. Әдіскер Г.Жамалбекова
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастырудың тиімді формалары мен әдістері» Тәрбиеші- Мырзахметова Б
4. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмысының барысы. Әдіскер
5. Ағымдағы мәселелер. Әдіскер- Г.Жамалбекова

I ТЫҢДАЛДЫ: №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер сөз алды. Вариативтік бағдарламаларды (Ән мен әуен, Экологиялық соқпақ, Қызықты саусақтар, Ұлттық қазына және т.б.) оқу процесіне енгізу барысында барлық жас топтарында вариативтік бағдарламалар бойынша айлық циклограммалар әзірленді. Педагогтер бағдарламаларға сәйкес дидактикалық материалдармен толықтырды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде бағдарламаның элементтері жүйелі қолданылуда. Педагогтердің әдістемелік ұсынымдарын жетілдіру және тәжірибеде қолдану барысында педагогтер әзірлеген әдістемелік ұсынымдар талқыланып, бекітілді. Тәжірибеде қолдану мақсатында әдістемелік тақырыптар бойынша бірлескен шеберлік сағаттары өткізілді. Оқу жылы басындағы балалардың бастапқы мониторингін жүргізу барысында ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды топтарында Диагностикалық карталар толтырылды. Әр топ бойынша мониторинг талдауы жасалды, нәтижелері әдістемелік кеңесте ұсынылды. Төмен деңгей анықталған балалармен жекелеген түзету жұмыстары басталды.

Әдістемелік қорды толықтыру және жаңарту бойынша «Экологиялық бағыт», «Сөйлеуді дамыту», «Ұлттық тәрбие» тақырыптары бойынша жаңа көрнекіліктер және ойын материалдары алынды. Педагогтермен әдістемелік қолдау жұмыстары аясында жас мамандар үшін тәлімгерлік жоспары бекітіліп, жұмыс басталды. Әдістемелік апталықтар мен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырылды. Қиындық туындаған педагогтерге жеке кеңес берілді. Қорытынды: орындалды.

№1 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдер жоспарға сәйкес орындалған, орындалуы кезең-кезеңімен бақылауға алынған. Бірқатар бағыттарда (әдістемелік қорды толықтыру, материалдық база) жұмыс жалғастыруды қажет етеді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: №1 әдістемелік кеңестің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» әдістемелік апталығының жоспарын әзірлеу.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Г.Жамалбекова сөз алды. Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарының бірі. Балалар қоршаған ортаны толық түсіне бермейтіндіктен, қауіп төндіретін

жағдайларды алдын ала болжай алмайды. Сондықтан балабақша педагогтері күнделікті әрекет барысында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударуы тиіс.

Осы мақсатта балабақшада «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» тақырыбында әдістемелік апталық ұйымдастыру жоспарланды. Апталықтың мазмұны балалардың жас ерекшелігіне бағытталған, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, ата-аналарды ағарту жұмысына және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға негізделген. Әдістемелік апталық тақырыпты жан-жақты ашу мақсатында төмендегі бағыттар назарға алынды, деп бағыттарын тоқталып өтті.

1. Педагогтерге арналған әдістемелік іс-шаралар (семинар, шеберлік сағаты, кеңес).
2. Балаларға арналған танымдық ұйымдастырылған оқу қызметтері.
3. Қауіпсіз орта құруға бағытталған тәжірибелік іс-шаралар (жаттығу, ойын, эвакуация).
4. Ата-аналармен жұмыс (жаднама, жиналыс, ақпараттық бұрыш).
5. Көрме ұйымдастыру (тәсілдер, көрнекі құралдар, балалар жұмыстары).

Бұл бағыттар апталықтың толыққанды, мазмұнды, тиімді өтуіне ықпал етеді. «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» әдістемелік апталығы – балалардың қауіпсіздік мәдениетін ерте жастан қалыптастыруға бағытталған маңызды жұмыстың бір бөлігі. Апталық нәтижесінде балалардың қауіпсіздік жөніндегі түсініктері кеңейеді, педагогтердің әдістемелік деңгейі жоғарылайды, ата-аналармен ынтымақтастық нығаяды, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Әдістемелік апталықтың жоспарына сәйкес апталықтың өтуі бақылауға алынсын.

ІІІ ТЫНДАЛДЫ: «Мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастырудың тиімді формалары мен әдістері»

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші Б.Мырзахметова сөз алды. Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау – балабақша жұмысының ерекше назар аударатын бағыты. Балалар қоршаған ортада қауіп төндіретін жағдаяттарды бағалай алмайды, сондықтан олардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын ерте жастан қалыптастыру – педагогтердің басты міндеті. Қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру тек ережені айту арқылы емес, ойын, тәжірибе, практикалық жаттығулар, көрнекілік және үлгі көрсету арқылы тиімді жүзеге асады, деп

Балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың міндеттері мен қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырудың тиімді формаларына тоқталып өтті. Сонымен бірге жүргізілетін әдістерге тоқтала келе, бұл әдістер педагогтерге балалардың жас ерекшеліктеріне сай қауіпсіздік мәдениетін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді, деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: балаларда қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастырудың тиімді формалары мен әдістері іс-шаралар барысында қолданылсын

ІV ТЫНДАЛДЫ: «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмысының барысы

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Г.Жамалбекова сөз алды. Мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен (және әжелерімен, әкелерімен) серіктестік қатынастарды қалыптастыру – тәрбиенің маңызды факторы. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» — ата-аналардың (және үлкен буынның) баламен тәрбиелік-коррекциялық жұмысына белсенді қатысуын арттыруға бағытталған жүйелі әдістемелік іс-шара. Бұл жобаның мақсаты — отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайту, ата-аналарға (және әжелер мен әкелерге) баланың өмірі мен дамуына қатысты маңызды білім мен дағдыларды беру, сондай-ақ олардың тәрбиелік әлеуетін дамыту. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері отбасы мүшелерін балалардың дамуына, тәрбие-білім алуына белсенді тарту. Қауіпсіз және қолайлы отбасылық орта жасауға ата-аналарды ынталандыру, үш «мектеп» арқылы отбасы мүшелерінің психологиялық құзыреттілігін арттыру болып табылады, деп жобаның тиімділігі мен нәтижелілігіне, қорытындысына тоқталып айтты.

«Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» және «Аналар мектебі» — балабақша мен отбасылар арасындағы серіктестік қарым-қатынасты нығайтуға үлкен мүмкіндік беретін форма. Бұл мектептер арқылы ата-аналар мен үлкен буын педагогикалық-психологиялық білім алады, баланың қауіпсіздігі мен дамуына белсенді қатысады. Олардың жұмысы жүйелі әрі құрылымдалған болғанда ғана балабақшадағы тәрбиелік-дамыту жұмысының сапасы артады,- деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жобалар жұмысын жандандыру, бақылауға алу..

VI ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Г.Жамалбекова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарлау мен өткізу барысында педагогтар арасында әдістемелік бірліктілік толық сақталмай отыр. Дидактикалық және көрнекілік материалдардың жеткіліксіздігі немесе жаңартуды қажет ететін бөлімдері бар. Жеке жұмыс пен топтық жұмыстың арақатынасы педагогтар арасында әртүрлі, бұл балалардың даму динамикасына әсер етуде. Қауіпсіздік ережелерін күнделікті бекіту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсе де, кейбір топтарда балалардың өзін-өзі қорғау дағдылары жеткіліксіз. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Балалардың аурушандығы маусымдық кезеңде артып отыр. Жиналыстар мен іс-шараларға кейбір ата-аналардың қатысу белсенділігі төмен. Үй жағдайында педагогтардың ұсыныстарын орындамау, баланың дамуында бірліктіктің бұзылуына әкеліп отыр. «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» сияқты жобаларға тұрақты қатысу деңгейі әрқелкі. Құжат жүргізу кезінде цифрлық форматқа көшу толық жүзеге аспаған, оны барлығымыз бірігіп іске асыруымыз керек,- деді.

ШЕШІМ

1.. Педагогтарға ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлауда әдістемелік бірлікті сақтау міндеттелсін.

Жауапты: Әдіскер, топ тәрбиешілері


Мерзімі: тұрақты

1.2. Дидактикалық, көрнекілік материалдарды жаңарту және толықтыру жөнінде ұсыныстар тізімі дайындалсын.

Жауапты: Әдіскер

Мерзімі: ай сайын

Әдістемелік кеңес төрайымы:

 Г.Жамалбекова

Хатшы:

 П.Бекбаева